

"Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің "Белдеутас" мемлекеттік табиғи қамалының аумағында экологиялық дәліз құру туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 46/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 шілдеде № 3905 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ұсынысына сәйкес, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, биологиялық саналуандықты сақтау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мекендейтін жануарлардың табиғи қоныс аудару және өсетін өсімдіктердің таралу жолдарын қорғау мақсатында Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің "Белдеутас" мемлекеттік табиғи қамалының аумағындағы "Белдеутас" және "Қоңыртемірші" кластерлік учаскелерінің арасындағы 9961 га алаңда, меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер телімдерін алмай, экологиялық дәліз құрылсын;

экологиялық дәліздің шекаралары табиғи географиялық шептер бойынша белгіленеді және жергілікті жерлерде арнайы белгілермен белгіленеді.

2. Экологиялық дәліз учаскелерінде жабайы жануарлардың уақытша мекендейтін жерлерінде олардың сақталуын, қоныс аудару кезеңдерінде олардың жүріп өтетін жолдарының сақталуын, жабайы өсімдіктер өсетін жерлердің сақталуын қамтамасыз ететін осы жерлерді пайдаланудың реттелмелі режимі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Н. Әбдібеков

